

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№1 хаттама

Күні: 17.09.2026ж.

Қатысқаны: 17 адам

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және педагогтердің кәсіби мінез-құлқына қойылатын талаптар туралы.
2. Педагогтер арасындағы өзара сыйластық, кәсіби қарым-қатынас және жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру туралы.

1-мәселе бойынша тыңдалды:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесте педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және педагогтердің кәсіби мінез-құлқына қойылатын талаптар туралы мәселе қаралды. Баяндама барысында педагогтің балаға, ата-анаға, әріптестеріне және жалпы ұжым мүшелеріне құрметпен қарауы, қарым-қатынаста әдептілік пен сабырлылық танытуы қажеттігі айтылды. Педагогтің қызметтік міндетін орындау барысында жауапкершілік танытып, өзінің кәсіби беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуі жөнінде түсіндірілді.

Сонымен қатар ата-аналармен қарым-қатынаста сыпайылық сақтау, балалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, әріптестер туралы орынсыз пікір таратпау және қызметтік мәселелерді педагогикалық әдеп шеңберінде шешу қажеттігі атап өтілді.

Сөз сөйлегендер:

Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп талаптарын күнделікті жұмыста сақтау, туындаған мәселелерді өзара түсіністікпен шешу және педагогтің кәсіби мәдениетіне мән беру жөнінде пікірлерін білдірді.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Педагогтер арасындағы өзара сыйластық, кәсіби қарым-қатынас және ұжымда жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру мәселесі қаралды.

Баяндамада балабақшадағы ортақ жұмыстың нәтижелі болуы педагогтердің бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауына байланысты екені айтылды. Әріптестің пікірін тыңдау, еңбегін бағалау, қызметтік мәселені жеке қарым-қатынаспен араластырмау, түсініспеушілік туындаған жағдайда мәселені сабырлы түрде талқылау қажеттігі атап өтілді.

Ұжымда дауыс көтеру, кемсіту, мысқылдау, жеке басына қатысты орынсыз пікір айту сияқты әрекеттерге жол бермеу, жас мамандарға қолдау көрсету және әріптестер арасында өзара көмек пен түсіністікті қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Сөз сөйлегендер:

Психолог: Шамшина Н.М. ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау әр педагогтің өзінен басталатынын атап өтіп, қызмет барысында өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынасты сақтау қажеттігін қолдады.

Кеңестің шешімі:

1. Педагогикалық әдеп қағидаларын күнделікті қызмет барысында сақтау, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста әдептілік пен кәсіби мәдениетті ұстану қамтамасыз етілсін.
2. Ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби қарым-қатынасты сақтау, туындаған мәселелерді ашық әрі сабырлы түрде шешу, әріптестерге қолдау көрсету және жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:

 Л.Б.Курманова
 Г.С.Косанова